

«Н. Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабы саналы азаматтың көзімен» атты жоғары оқу орындарының студенттері мен колледждердің оқушыларына арналған облыстық байқау-эссенің

ЕРЕЖЕСІ

Облыстық байқау студенттер мен жастардың рухани дамуына, болашақ кәсіби мамандығын игеруде, олардың өз ойларын білдіруде және ғылыми зерттеулердегі қабілеттерін көрсетуде түсініктерін жетілдіруге ықпал ететін атмосфераны туғызуға бағытталған. Байқаудың мазмұнында студенттің қоғамдық, соның ішінде философиялық ілімдерді игеріп және оларды әртүрлі кәсіби-педагогикалық жағдайларды шешу кезінде қолдануда, студенттің жеке тұлға ретінде кәсібибіліктілікті игерудегі деңгейін көрсетуге мүмкіндік беретін тапсырмалар қарастырылған. Байқау қазіргі заманғы ұстаздардан талап етілетін саяси және жалпымәдени құзіреттіліктерін арттыруға мүмкіндік береді. Оған қол жеткізу жолдары:

- 1) студенттердің іріктеуде, талдау жасауда, ғылыми білімді пайдалануда және оны өз бетімен құрастыруда белсенділіктерін және дербестіктерін ынталандыру;
- 2) студенттердің гуманитарлық бағыттағы шығармасы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.

I. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ

Байқау-эссені өткізудің мақсаты болып табылады:

- «Тәуелсіздік дәуірі» кітабының мазмұнын білу;
- техникалық мамандықтардағы студенттердің гуманитарлық бағытын жандандыру;
- ерекше білімді, шығармашылыққа қабілетті, белсенді студенттерді анықтау.

II. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

Біздің университеттің барлық мамандықтарындағы 1 және 2 курс студенттері қатысады. Қатысушылардың саны және құрамы бойынша ешқандай шектеулер қойылмайды. Студенттер үшін тәжірибелік тапсырма қатаң түрде жеке болып келеді. Қатысушыларға қойылатын талаптар:

- . Қоғамдық білімдердің негізі болуы;
- . «Тәуелсіздік дәуірі» кітабының мәні мен мағынасын түсіну;
- . Білімдегі теория мен тәжірибені өзара байланыстыра отырып талдай білу.

IV. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ, АШУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

ШҚО Әкімшілігінің ішкі саясат басқармасы, Қазақстан Тарихы және ҚХА кафедрасы, Д.Серікбаев ат. ШҚМТУ ғылыми кітапханасы байқаудың ұйымдастырушылары болып табылады. Байқау сырттай өткізіледі.

Жазылған жұмыста факультеті, тобы, қатысушының тегі және аты, жетекшінің тегі, аты-жөні көрсетілген титул парағы болуы тиіс.

V. ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ

Тапсырмалар жекелей орындалатын болғандықтан, қорытындының нәтижесі жеке адамға беріледі, әр тапсырма бойынша бөлек және орындалған тапсырмалар бойынша жалпы қорытындысы шығады. Байқаудың қорытындылары бойынша 1, 2, 3 орындар беріледі; қатысушыларға мақтау қағаздары тапсырылады.

Байқау тапсырмалары:

«Н. Назарбаевтың «Тәуелсіздік дәуірі» кітабы саналы азаматтың көзімен» тақырыбына эссе жазу

Негізгі тақырыптық бағыттар:

1. Білім беруді дамыту контекстіндегі адам капиталының жаңа сапасы,
2. Қазақстандық патриотизм – жеке тұлғаның рухани императиві,
3. Прагматикалық студент – қазақстандық қоғамның сана-сезімін жаңғыртудағы жетекші фактор,
4. Көшбасшылық жетістіктің негізгі кепілі.

Байқауды ұйымдастыру: эссенің жазылуы еркін сипатқа (мазмұнға) ие. Жұмыстың көлемі 2 баспа бетін құрайды. Жұмысты тапсыру уақыты 2018 оқу жылының 1 сәуір айына дейін Г-1-329 бөлмесінде.

Бағалау критерийлері:

- . тақырыптың өзектілігі;
- . жаңа заманмен интеграциясы;
- . қарастырылып отырған мәселеге деген жеке көзқарасыңның негізді болуы;
- . баяндаудың түпнұсқа болуы;
- . тәжірибемен байланысы;
- . жаңаша ойлау.

Бағалау шкаласы:

1-3 балл – эссе айқын және нанымды көрсетілмеген, тақырыпты логикалық және стилистік құруда кемшіліктер табылған, жекеше қабылдау әлсіз көрсетілген.

4-5 балл – тақырып жеткілікті түрде толық ашылмаған; тақырыпты немесе мәселені ашатын афтордың ойы көрсетілген, бірақ пайымдау логикасы үнемі анық және жүйелі емес.

6-7 балл – автор қарастырылып отырған тақырыптың мәнін түсінеді, өзінің көзқарасы бар, бірақ эмоциональды және жүйелі түрде жеткіліксіз.

8-9 балл – тақырыптың маңызы ашылған, жеке позициясы жақсы көрсетілген және негізделген, тақырыпты мазмұндау стилистикалық сауатты.

10 балл – қарастырылып отырған тақырыптың актуалдылығы және маңыздылығы көрсетілген, жеке көзқарасы нақты берілген, көркемділігі көрсетілген, мазмұндаудың ерекшелігі.

Байқауды ұйымдастыру: Тапсырма жекелей және жазбаша орындалуы тиіс.

Байқау-эссе жұмысына қатысу үшін 2018 жылдың 1 сәуіріне дейін Laura_abdygaliev@mail.ru, nazym2282@mail.ru электрондық адресіне өтінімдер мен мәтіндерді жіберулеріңізді сұраймыз.

Конференцияның үйлестірушілері:

1 Абдығалиева Лаура Исупкановна – 8 777 149 1980

2 Тлеубекова Назым Ерназаровна – 8 705 508 4602